БЕКІТЕМІН
№12 «Қарлығаш» балабақшасының
меңгерушісі _____
Г.А.Дюстиярова
«09» қыркүйек 2026ж

2026-2027 оқу жылына арналған «Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша ересек топтардың жұмыс жоспары

Мақсаты: балалардың қазақ тілін күнделікті өмірде түсініп, қарым-қатынас жасау құралы ретінде қолдануына жағдай жасау және қазақ тіліндегі жайлы тілдік ортаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- Балалардың қазақ тіліндегі сөздік қорын молайту.
- Күнделікті қолданылатын сөздер мен қарапайым сөйлемдерді меңгерту.
- Қазақ тілінде тыңдау, түсіну, сұрақ қою және жауап беру дағдыларын дамыту.
- Ұлттық ойындар, әндер, тақпақтар, ертегілер мен көркем шығармалар арқылы тілге қызығушылығын арттыру.
- Қазақ тілін ойын, еңбек, серуен, тамақтану және күнделікті қарым-қатынас кезінде қолдану.
- Балалардың тілдік жетістіктерін жүйелі бақылап, жеке қолдау көрсету.

Ересек топқа арналған жылдық тақырыптық жоспар (4–5 жас)

№	Айы	Тақырып	Меңгерілетін сөздер мен тілдік үлгілер	Жұмыс түрлері
1	Қыркүйек	Мен және менің балабақшам	Сәлеметсің бе! Сау бол! Менің атым… Балабақша, топ, ойыншық	Танысу ойыны, суретпен әңгімелесу
2	Қазан	Отбасы және үй	Ана, әке, ата, әже, үй. Бұл — менің анам	«Отбасы» ойыны, қуыршақпен сөйлесу
3	Қараша	Ойыншықтар	Доп, қуыршақ, машина, текше. Маған доп берші	«Ойыншықты тап», түстерді ажырату
4	Желтоқсан	Қыс мезгілі	Қар, аяз, қыс, ақ, суық. Қар жауды	Қысқы суреттер, қимылды ойын, тақпақ

5	Қаңтар	Киімдер	Баскиім, тон, етік, қолғап. Мен етік киемін	«Қуыршақты киіндіреміз» ойыны
6	Ақпан	Үй жануарлары	Мысық, ит, қой, сиыр, жылқы. Бұл — мысық	«Төлін тап», жануарлардың дауысын салу
7	Наурыз	Ұлттық құндылықтар	Наурыз, домбыра, киіз үй, бауырсақ	Ұлттық ойындар, мерекелік тақпақтар
8	Сәуір	Көктем және табиғат	Күн, гүл, ағаш, жаңбыр. Гүл өсті	Бақылау, табиғаттағы еңбек, сөздік ойын
9	Мамыр	Қайталау және бекіту	Отбасы, түстер, сандар, жануарлар, киімдер	Сюжеттік ойындар, тілдік ойындар, қорытынды бақылау

Ересек топтың күтілетін нәтижелері

- Күнделікті амандасу және қоштасу сөздерін қолданады.
- Қарапайым нұсқауларды түсінеді және орындайды.
- Таныс заттардың, түстердің, жануарлардың атауларын айтады.
- Қарапайым сұрақтарға қысқа жауап береді.

БЕКІТЕМІН
№12 «Қарлығаш» балабақшасының
меңгерушісі Г.А.Дюстиярова
«09» қыркүйек 2026ж

2026-2027 оқу жылына арналған «Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша мектепалды топ жұмыс жоспары

№	Айы	Тақырып	Меңгерілетін сөздер мен тілдік үлгілер	Жұмыс түрлері
1	Қыркүйек	Менің балабақшам	Менің атым… Мен алты жастамын. Мен балабақшаға келдім	Диалог, таныстыру, сұрақ-жауап
2	Қазан	Менің отбасым	Отбасы мүшелері, мамандықтар. Менің отбасым тату	Сюжеттік-рөлдік ойын, әңгіме құрастыру
3	Қараша	Күз сыйы. Көкөністер мен жемістер	Алма, алмұрт, сәбіз, қияр. Маған алма ұнайды	«Дүкен» ойыны, сипаттау, жұмбақ
4	Желтоқсан	Қазақстан және қыс	Отан, Қазақстан, Астана, қысқы табиғат	Әңгіме, тақпақ, сурет бойынша сөйлеу
5	Қаңтар	Киімдер және денсаулық	Киім атаулары, дене мүшелері, тазалық сөздері	«Дәрігер», «Киім дүкені» ойындары
6	Ақпан	Жануарлар әлемі	Үй және жабайы жануарлар, төлдері. Қоян орманда тұрады	Жұмбақ, әңгіме, рөлдік ойын
7	Наурыз	Салт-дәстүр және ұлттық ойындар	Наурыз, ұлттық тағамдар, ұлттық ойын атаулары	«Арқан тарту», «Асық ату», мерекелік көрініс
8	Сәуір	Көктем. Еңбек және мамандықтар	Бағбан, дәрігер, мұғалім, құрылысшы. Мен көмектесемін	Еңбек әрекеті, диалог, оқиға құрастыру
9	Мамыр	Мен мектепке барамын	Сандар, оқу құралдары, күн тәртібі. Мен мектепке дайынмын	Қорытынды ойындар, әңгімелеу, мониторинг

Мектепалды топтың күтілетін нәтижелері

- Қазақ тілінде қарапайым диалогке қатысады.
- Заттарды белгілері бойынша сипаттайды.
- Сурет бойынша 3–5 сөйлем құрастырады.
- Таныс тақырыптарда өз қалауын, қажеттілігін және ойын жетекізеді.
- Қазақ тіліндегі ойын ережелерін түсініп, қарым-қатынас кезінде қолданады.